

Локомотивтік тартым қызметтерін көрсету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 286-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2972. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы»28 наурыздағы N 70 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы»28 наурыздағы N 70 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Локомотивтік тартым қызметтерін көрсету ережесі бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті (Н.Т.Байдәулетов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

"Локомотивтік тартым қызметтерін көрсету ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрінің
2004 жылғы 23 шілдедегі N 286-І
бұйрығымен бекітілген

Локомотивтік тартым қызметтерін көрсету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Локомотивтік тартым қызметтерін көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен темір жол көлігі саласындағы басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және локомотивтік тартым қызметтерін көрсетуді ұйымдастыру тәртіптерін анықтайды .

Ереже локомотивтік тартым операторы (бұдан әрі - оператор), тасымалдаушылар және тасымалдау процесінің басқа қатысушылары арасындағы қатынастарды реттейді, сондай-ақ темір жол көлігімен жолаушылардың, багаждың, жүк багажының, пошталық жөнелтілімдер мен жүк тасымалдарын ұйымдастыру және маневрлік пен шаруашылық жұмыстарын жүзеге асыру кезінде локомотивтік тартым қызметтерін көрсету тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) локомотивті құтіп ұстау - локомотивтің ақаусызы жағдайын қамтамасыз ететін нормативтік-технологиялық жұмыстар кешенін орындау;

2) локомотивтік тартым қызметтерін көрсету шарты - тасымалдарды жүзеге асырган кезде оператордың, тасымалдаушылардың және локомотивтік тартым қызметтерін басқа пайдаланушылардың өзара іс-әрекетінің, сондай-ақ локомотивтік тартымды пайдаланып шаруашылық және маневрлік жұмыстардың тәртібін анықтайтын шарт;

3) станциялық маневрлік жұмыстар - станция жұмысының технологиялық процестеріне сәйкес станциялық жолдарда вагондарды локомотивтермен жылжыту жөніндегі жұмыстар, ол магистральдық темір жол желісінен операторымен белгіленеді;

4) жүк операцияларын орындаған кездегі маневрлік жұмыстар - локомотивтің кірме жолдардағы маневрлік жұмыстары.

"Магистральдық темір жол желісі", "магистральдық темір жол желісінің операторы", "локомотивтік тартым операторы", "локомотивтік тартым қызметтері", "жылжымалы құрам", "тасымалдық процесс", "Ұлттық темір жол компаниясы", "тасымалдау процесінің қатысушылары" ұғымдары "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген мәндерде қолданылады.

2. Локомотивтік тартым қызметтерін көрсетудің тәртібі

3. Тасымалдаушыларға және тасымалдау процесінің басқа қатысушыларына локомотивтік тартым қызметтерін көрсету үшін локомотивтік тартым қызметтерін көрсету шарты (бұдан әрі - Шарт) негіз болып табылады, онда осы Ережеге және басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес негізгі шарттар, құқықтар, міндеттер және тараптардың жауапкершілігі белгіленеді.

Шарт жасаспастан локомотивтік тартым қызметтерін көрсетуге жол берілмейді.

4. Тасымалдаушылар және тасымалдау процесінің басқа қатысушылары локомотивтік тартым қызметтерін алу үшін локомотивтік тартым қызметтерін пайдалану құқығын растайтын қажетті құжаттарды қоса отырып, операторға етініш жолдаиды:

1) көшірмелері:

жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің; жылжымалы құрамға меншік құқығын немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттың;

жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және жөндеу базасының бар болуы немесе мұндай базаның болмағанда жөндеу жұмыстарын жүргізуге шарттың (шарттардың) бары туралы құжаттың;

жүктерді, жолаушыларды, қауіпті жүктерді тасымалдауға уәкілетті органның берген лицензияның;

2) жүктерді тасымалдаған кезде - тасымалданатын жүктің салмағы мен атауы көрсетілген құжаттар;

3) жолаушыларды тасымалдаған кезде - жолаушылар поезының жүріс маршрутының үлгісі көрсетілген құжаттар;

4) егер занды тұлғаның өкілі ретінде бірінші басшы немесе оның міндетін атқаратын тұлға қатыспаса, сондай-ақ осы шартқа қол қояр кезде жеке кәсіпкердің мұддесін сенім білдірілген тұлға қорғаған жағдайда Шартқа қол қою құқығына сенімхат ұсынады.

5. Локомотивтік тартым қызметтерін көрсету туралы оператордың шешімі осы Ережеге сәйкес өтінішті және барлық қажетті құжаттарды тіркеген күннен бастап 15 күнтізбелік күннен ұсынылған:

1) жолды жөндеудің күрделі және басқа тұрлерін жүргізген кезде магистральдық темір жол желістің операторымен қызмет көрсету басталарға дейін 2 тәуліктен;

2) магистральдық темір жол желісі оператордың шаруашылық жұмыстарының басқа тұрлері бойынша 12 сағаттан кешіктірілмей қабылданады.

Бұл ретте тасымалдаушыларға және тасымалдау процесінің басқа қатысушыларына локомотивтік тартым қызметтерін көрсету туралы жазбаша хабарлама мен қол қою үшін Шарттың жобасы жіберіледі.

6. Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда оператор тасымалдаушылардың және тасымалдау процесінің басқа қатысушыларының өтініштерін қабылдаудан бас тартады, ол жөнінде құжаттардың келіп түскен күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өтінішті қарауға қабыл алмағанының себептерін көрсетіп, тасымалдаушыларды және тасымалдау процесінің басқа қатысушыларын хабардар етеді.

7. Локомотивтік тартым қызметтері барлық тасымалдаушыларға және тасымалдау процесінің барлық қатысушыларына тең негіздер мен шарттарда оператор мен беріледі.

Магистральдық темір жол желісінің нақты участкерінде локомотивтік бригаданың локомотивке қызмет көрсетуге рұқсаты болмаған, станциялық

маневрлік жұмыстарды, жүк операцияларын орындағанда маневрлік жұмыстарды жүзеге асыруға техникалық және технологиялық мүмкін еместік жағдайларда, оператор локомотивтік тартым қызметтерін көрсетуден бас тартады.

8. Тасымалдаушылардың және тасымалдау процесінің басқа қатысушыларының берілген өтінішінде қаралған локомотивтік тартымның ұсынылған қызметтерінен бас тартқан жағдайында, тасымалдаушылар мен тасымалдау процесінің басқа қатысушылары бұл жөнінде операторды локомотивтік тартымды пайдаланып тасымалдарды, шаруашылық пен маневрлік жұмыстарды жүзеге асыруды бастау датасына дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде (егер тараптардың келісімінде басқа түрі қаралмаған болса) хабардар етеді.

3. Локомотивтік тартым қызметтерін көрсеткен (пайдаланған) кезде темір жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету

9. Оператор өз қызметінің процесінде поездардың магистральдық, станциялық және кірме жолдар бойынша қауіпсіз және үздіксіз қозғалысының нормативтерін және шарттарын орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Магистральдық, станциялық пен кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оператор:

1) локомотивтік бригадалардың қызметіне, локомотивтің техникалық жағдайына, жабдықтау жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету мен локомотивті тиісті күтіп ұстауға және магистральдық, станциялық пен кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес барлық мүліктік кешенге бақылауды жүзеге асырады;

2) темір жол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес магистральдық, станциялық пен кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігінің міндетті талаптары мен нормалары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөнінде өз қызметкерлеріне нұсқау береді;

3) магистральдық, станциялық пен кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде магистральдық темір жол желісінің операторымен, тасымалдаушылармен, тасымалдау процесінің басқа қатысушыларымен үйлестірілген өзара іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

4) поездық, маневрлік және шаруашылық жұмыстарды орындау процесінде локомотивтік бригадаларды қызмет көрсететін участкелері үшін жауап беретін диспетчердің (поездық, маневрлік), станция, дөңес бойынша кезекшілердің және темір жол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыстар басшысының бұйрықтардың орындалуын бақылайды;

5) апарттық жағдайлар мен оның зардаптарын жою үшін қажетті қаржылар мен жұмылдыру бөлімшелерінің бар болуын қамтамасыз етеді, магистральдық

темір жол желісі операторымен, тасымалдаушылармен және тасымалдау процесінің басқа қатысуышылармен келісу арқылы оларды пайдаланады;

6) оларды пайдалану процесінде магистральдық темір жол желісі объектілерін пайдалану мен қорғау жөніндегі талаптарды ұстанады, өртке қарсы сақтандыру жұмыстарын жүргізуді және темір жол көлігімен тасымалдау процесінде туындаған өрттерді жоюды қамтамасыз етеді;

7) оқуды, біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, тасымалдау процесіне қатысуши қызметкерлерді кәсіби сыйысымдылық пен жарамдылық бойынша сынақтардан өткізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК